

Аудан әкімдігінің "Мемлекеттік қызмет көрсетудің кейбір стандарттарын бекіту туралы" 2008 жылғы 30 мамырдағы N 138 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 30 наурыздағы N 69 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әділет басқармасында 2010 жылғы 8 сәуірде N 7-11-118 тіркелді. Күші жойылды Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 30 қыркүйектегі N 273 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімдігінің 30.09.2010 N 273 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңын басшылыққа алып, 2000 жылғы 27 қарашадағы "Әкімшілік рәсімдер туралы" Заңына сәйкес, аудандық деңгейде көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді көрсетуді қамтамасыз ету мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімдігінің "Мемлекеттік қызмет көрсетудің кейбір стандарттарын бекіту туралы" 2008 жылғы 30 мамырдағы N 138 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7-11-70 нөмірімен тіркелген, 2008 жылғы 25 шілдеде "Екпін" газетінде жарияланған) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1) осы қаулымен бекітілген 12 қосымшасының 3-тармағы мынадай жаңа редакцияда баяндалсын:

"БҚО Тасқала аудандық мәслихатының 2009 жылғы 18 ақпандағы N 12-4 шешімімен бекітілген "Тасқала ауданы бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы шешімі.";

2) 12 тармағының 6-тармақшасының 3 абзацы "жұбайларына" деген сөздерден кейін "қайтыс болған Ұлы Отан соғысының мүгедектерінің жесірлеріне" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 14 абзацы мынадай жаңа редакцияда баяндалсын:

"Амбулаториялық ем қабылдап жүрген сүйемелдеу кезеңіндегі өкпе ауруларына сүйемелдеу кезеңінде жүргені туралы Тасқала аудандық орталық ауруханасының анықтамасы.";

4) 12 тармағы мынадай жаңа абзацпен толықтырылсын:

"Тыл еңбеккерлері үшін 1941-1945 жылдары жұмыс істегенін растайтын

қ ұ ж а т . " .

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Л. Жұбанышқалиеваға жүктелсін.

Аудан әкімі

Ө. Мырзағалиев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК